

МЕКТЕПТЕ СӨЗ ӨНЕРІН ОҚЫТУ

Құдайбергенова А.Қ.
№11 ЖББОМ. Семей қ.

Технологияның маңыздығы мен құндылығы ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігінде. Қазір білім беру парадигмасы өзгеріп, жаңаша көзқарас, жаңаша менталитет пайда болған кезеңде «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясы педагогиканың негізгі аксиомалар талаптарына сай келеді. Әйгілі орыс жазушысы Л.Н. Толстойдың «Терең ойланумен игеріп алған білім ғана білім» дегеніндей, бұл жүйенің тағы бір ерекшелігі: кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатыны. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста, оқушылардың:

1. өз бетінше тұжырым жасау, қортындыға келу;
2. ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу;
3. проблеманы шеше білу;
4. пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясының дамытпалы оқумен үндес екендігі көрінеді.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі:

1. әдіс түрлері;
2. белсенді практикалық іс- әрекетте болу;
3. басқалармен қарым- қатынас жасай білу, басқаларды тыңдай білу;
4. қажет болса өз көзқарасын өзгерту;
5. топтық тұжырымға келе білу;
6. топ алдына шығып өз тұжырымын айта білу.

Осының бәрі оқушының өздігінен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, кейбір әдіс- тәсілдерді дағдыға айналдыруын қалыптастырады.

Мысалы: 10-сыныптағы әдебиет сабағында С. Көбеев шығармашылығын оқытуда «ЖИГСО-2» стратегиясын күрделендіріп, экспорт сұрақтары, «Үш қадамды сұхбат» стратегияларын қолдана отырып, сыныпты шығармашылық ізденіске жетелеуге болады. Оқушылардың меңгерілген мәтінді талдауға өз пікірлерін жан- жақты ашуға бағытталған «Қарама- қарсы элементтер», «Пікірталас», «Т кестесі», «Дәлелденген эссе» тәрізді стратегияларды қолдану өте құнды.

«Қарама- қарсы элементтер»

«Алпамыс батыр» жыры бойынша

Алпамыс	Ұлтан құл
Елін сүйген ер, ақжүрек, мейірімді, жаны таза, талантты, өнерлі, батыл, намысшыл, нәзік сезім иесі	Қара басының қамын жеген ез, қатыгез арам ойлы, дөрекі, қара күш иесі, қорқақ, әлсізге күшін жұмсайтын дөкір, іші тар, зорықшыл

Стратегиялар оқушыларды пәнге, тіл өнеріне қызығушылыққа баулуда таптырмас құрал. Француз ғалымдары «Өзгенің ақыл- ойымен шыңдамаған білім – білім емес» деп айтқандай, білім көбіне – жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игеріледі. Сыныптағы оқушылар түсінбейтінін бір- бірінен сұрап, сөйлемеген оқушыны сабаққа қатыстыруға өздері ықпал жасап отырады. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының негізі болып табылатын «Дамыта оқыту» жүйесіне ешбір кедергісіз ене алады. Педагогиканың аксиомалары мен «Сыни тұрғысынан ойлау» сипатындағы дамыта оқытудың тұжырымдамаларын салыстырып көрейік:

Педагогиканың негізгі аксиомалары	«Сыни тұрғысынан ойлау» тұжырымдамалары
Жан мен тәннің дамуы біртұтас	Білім сананың дамуына жетекшілік етеді
Тәрбие мақсаты- адамды өмірге тәрбиелеу	Басты мақсат- шығармашыл тұлға қалыптастыру
Тәжірибелік жаттығу- дамудың құралы	Түрленген тапсырма- дамудың шарты

Қызығушылық- оқытудың қозғаушы күші	Табысқа жету- қызығудың оятушы шарты
Ұстаз- оқытудың ең маңызды тұлғасы	Тұлғааралық қарым - қатынас – ең маңыздысы

Технологияның классификациялық өлшемі:

– бүкіл білім кеңестігін қамтитын жоба бойынша – ментатехнология; жалпы педагогикалық; мектеп көлемінде - пәндік циклдерде; немесе жартылай қолданылатын – модульдік топтасу.

- Философиялық негіз: диалектік неокзлепенциалистік.
- Әдістемелік жағынан: коммуникативтік және тұлғамен жұмыс.
- Дамуының негізгі факторы: социогендік .
- Ғылыми концепциясы: ассоциативтік – рефлекторлы.
- Жеке тұлғаға бағытталуы: ақпараттық (білімі, қабілеті, меңгеруі) тұлғаның қарым-қатынастық қабілетінің дамуы; өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің қалыптасуы.
- Мазмұны: білімділік + тәрбиелік + таңдаулы білім + жалпы білімділік.
- Әлеуметтік педагогикалық іс-шаралар түрлері: әлеуметті-педагогикалық, медициналық-педагогикалық.
- Оқу-тәрбие үрдісін басқару типі: «репетитор» + кіші топ + «кеңесші».
- Басым әдістері: сұхбаттасу, түсіндіру, көрнекілік арқылы.
- Ұйымдастыру түрі: баламалы.
- Басым құралдар: вербальдық + бағдарламалық.
- Тәрбиелік қатынас пен балаға деген көзқарас түрлері: жеке тұлғаға бағытталған + ынтымақтастық + өзіндік тәрбие.
- Жаңарту бағыты: баламалы
- Объект категориясы: жалпыға бірдей + әртүрлі категорияға.

Бағытталатын мақсаты:

- Білімділігін, біліктілігін, қабілетілігін меңгеру, оған уақытында түзету жасау.
- Әрбір оқушыны барлық тақырып бойынша тексеру.
- Өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дағдыландыру.
- Жеке тұлғаның қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.
- Жалпы адамға тән қасиеттерді тәрбиелеу.

Концептуалдық ережесі:

– Ұжымдық оқыту әдісі – оқу үрдісіне адамдар арасындағы табиғи қарым – қатынасты енгізу арқылы динамикалық сұхбаттасу жұмыстарын жүргізу.

Ұжымдық оқыту технологиясын қолданған жағдайда мына қағидаларды есте сақтау керек:

1. Тұлғаландыру қағидасы

Ұжымдық оқыту технологиясы жаңа технология ретінде оқушыларға өзінің қабілетін, қызығушылығын, әуестігіне қажеттілігіне байланысты оқуына кепілдік бере алады. Басқаша айтқанда оқу үрдісінде оқушылар білім алу тәсілін меңгеру үшін өз еркімен таңдап, өте жоғары нәтиже көрсете алады, ал дәстүрлі оқыту үрдісінде ондай жағдай жасалмайды. Білім алу тәсілін өз еркімен таңдау оқушының тақырптан қалуына, сынақтан өте алмауына жол бермейді.

Әдебиеттер:

1. Альтушеллер Г.С. Ойды табу, 112 бет, Новосибирск, Ғылым, 1986.
2. Дьяченко В.К. Ұжым ұстамының оқу әдісі және оның дамуы, 36 бет, М., Педагогика, 1989.
3. Брейтерман М.Д. Диалогтар. Мұғалімдік гәзет, 31 қаңтар, 1989.
4. Дьяченко В.К. Ступеньки мастерства. Халық оқуы. №№5 (10 бет), 6(23 бет), 7(5 бет), 8(13 бет), 1989.
5. Третиков П.И., Сенновский И.Б. Мектептегі модульдік технология (34 бет), Москва. Жаңа мектеп, 2001.
6. Топтық оқу әдісі. Л., Ленинград қаласындағы баспа «Экпром», (67 бет), 1990.